

А. Х. Абушахманова, Ш. С. Калиева, А. Н. Куатов, Т. К. Сагадатов, Ж. С. Жунусова

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ҮРДІСІ НЕГІЗІНДЕ МЕДИК-СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТТІЛІГІНІҢ ДАМУЫ

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті клиникалық фармакология және дәлелді медицина кафедрасы (Қарағанды қ., Қазақстан)

Заманауи денсаулық сақтау жүйесіне жаңа сапалы дайындық деңгейіндегі, ғылыми зерттеу технологиясын меңгерген дәрігер мамандарға қажеттілік әрдайым өсуде. Медициналық маманның талаптарға сай екендігі және жетістігі бүгінгі таңда еңбек нарығында көптеген факторлармен анықталады. Бұл жоғарғы оқу орнында оқу жылдарында алынған жақсы теориялық дайындық және жоғарғы оқу орнынан кейінгі маманданудан өту барысында алынған тәжірибелік дағдылар, жасампаздық және ойлаудың орамдылығы, кәсіби жұмылғыштық және тағы басқалар. Бірақ, біздің ойымызша, басты факторлардың бірі болашақ маманның ғылыми әлеуеттілігінің болуы. Ғылыми орынбасарларды дайындау жоғары білім жүйесінің өзекті мақсаты. Заманауи дәрігер өздігінен жаңа ғылыми мәліметтер таба білуі тиіс, зерттеулерді ұйымдастыру, кәсіби есептерді түсіну, теория жүзінде оларды негіздеу және тәжірибе жүзінде шешуі керек. Осыған байланысты медициналық университетте оқу кенеттен болған кәсіби, ұйымдастыру және басқада проблемалық жағдайларда студенттерді белсенді іс әрекеттерге дайындауы керек, сонымен қатар, жастардың назарын ғылыми зерттеулерге аудару шараларын іздестіру кадрлық проблемаларды шешудің бір әдісі ретінде қарастыруға болады [1, 2, 3, 4].

Кәсіби және зерттеу икемділіктерді қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделіне мыналар кіреді:

- қоғамның болашақ дәрігерлерді дайындаудың кәсіби сапасына қойылатын талаптары;
- жас мамандардың зерттеу икемділігінің қалыптасу үрдісінің құрылымы мен мазмұны;
- медициналық университет студенттерін кәсіби және зерттеушілік қызметке енгізу жүйесі;
- білікті маман болуының үрдісі мен қорытындысы.

Басылымды талдау кезінде «зерттеу икемділігі» деген түсініктің бір мағыналы анықтамасының жоқ екендігі теория жүзінде көрсетті. Біз мына анықтамамен келісеміз,

зерттеу икемділігі – бұл белгілі бір мақсатты іс-әрекеттер жиынтығы, ол болашақ дәрігердің қызметін танып-білу барысында алдын-ала жинақтап меңгерген кәсіби білімі, игеріп, қолдана алатын дағдылар жүйесіне негізделеді, бұл ғылыми ізденіс логикасына сәкес келеді [5, 6, 7, 8].

Медициналық жоғарғы оқу орындарының жұмыс тәжірибесін талдау барысында болашақ дәрігерлерде зерттеу икемділігін қалыптастыру үшін бағытталған арнайы оқыту пәндердің жоқ екендігін көрсетті. Біздің ойымызша, болашақ дәрігерлерде зерттеу икемділігі қалыптасуының негізі клиникалық пәндер болуы тиіс. Заманауи медицина дәлелді болып табылады, сондықтан дәрігердің тәжірибелік қызметінде арнайы ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу икемділігін, статистикалық және салыстырмалы талдау әдістерін игеру икемділігін, әртүрлі аналогиялар жүргізу икемділігін және әрдайым өзінің кәсіби білімінің диапазонын кеңейтуді қажет етеді. Медициналық сфераға сәйкес негізгі ғылыми-зерттеу операцияларын (талдау, синтез, салыстыру, абстракциялау, жинақтау, нақтылау) игермей дәрігердің клиникалық ойлау қабілетін қалыптастыру мүмкін емес. Осының барлығы жоғарғы оқу орыны қабырғасында негізі қаланған ғылыми әлеуеттіліктің бекем платформасы болған жағдайда ғана орындалады [9, 10, 11, 12].

Студенттердің зерттеу икемділігін қалыптастыру мәселесі жалпы педагогикалық тұрғыдан алғанда жақсы жасалған. Бірақ, жоғарыда аталған икемділіктерді қалыптастыру үрдісі барысында кәсіби бағытталған пәндерді оқу аясында жеткілікті мәселелер бар. Болашақ дәрігерлердің осы икемділіктерді игеруі медициналық университетте кәсіби дайындықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Жас мамандар үздіксіз жаңарып отыратын ақпараттар легінде өздігінен бейімделуі керек, өзінің кәсіби міндеттерін орындауы тиіс, салыстыру, талдау, нақты бір науқаста анықталған ауруға ең жақсы емдеу тәсілдерін таба білуі керек. Шығармашылық сипаттағы диагностикалау және емдеу үрдісінің құрылымын-

да арнайы реттілік бар: шарттарды талдау, шешімнің гипотезасын нақтылау, қорытындыларды эксперименттік тексеру, қорытынды мен ұсыныс қалыптастыру [13, 14, 15].

Студенттерде ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықты оқу сабақтарынан бастап қалыптастыру керек, сон-дықтан дәйекті жүргізілген сабақ дайын білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар, шығар-машылық ойлауға күшін жұмылдырады, білім алушыға жаңа білім көздерін іздестіруде ат салысуға мүмкіндік береді. Әртүрлі педагогикалық әдістерді, тәсілдерді және технологияларды қолдану студенттердің ғылыми әлеуеттілігінің даму тәсілдемесінің қалыптасуына көмектеседі.

ҚММУ клиникалық фармакология және дәлелді медицина кафедрасында студенттерді кәсіби зерттеу іс-әрекетіне инновациялық бағдарлама (RBL) бойынша енгізді, оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу үрдісінде бірауқытта және мақсатты теориялық және іздестіру жұмыстарын жүргізу болып табылады. Студенттің ғылыми әлеуеттілігін дамыту мақсатында біз ғылыми жоба әдісін де қолданамыз. Жоба әдісінің басты мақсаты - өзіндік зерттеу тәжірибесін қалыптастыру.

Айтылған әдістің мәні, берілген тақырып бойынша студенттердің өзіндік ғылыми-зерттеу жұмысын моделдейтін оқу жағдайын құру болып табылады. Ғылыми жоба дайындау барысында студенттер заманауи электрондық базаларда PubMed және Cochrane Library ақпараттар іздеу, алынған ақпараттарды критикалық талдау, қорытындылар және тәжірибелік ұсыныстар құрастыру қабілеттіліктерін алады. Оқытушы жұмыстың орындалу мониторингін жүргізеді және керек болған жағдайда студент жұмысына түзетулер енгізеді. Жоба әдісі қазіргі студент оқуды бітіргеннен кейін кездесетін мәселелерге өте ұқсас болатын жағдайдың ғылыми-зерттеу жұмыстарын моделдейді.

Студенттерде зерттеушілік қабілеті жалпы медицина және стоматология факультеттерінде параллельді «Дәлелді медицина негіздері» пәнін оқып үйрену кезінде қалыптасады. Осыған байланысты, болашақ дәрігерде зерттеушілік қабілеттің жалпы қалыптасуы емдеу-диагностикалық мәселелерді шешу кезінде пайда болады. Бұл өз кезегінде сауатты, білімді, табысты, жаңа инновационды және қарқынды білімді, ғылыми зерттеу тәсілдерін қажет ететін техноло-гияларды өздігінен еркін үйрене алатын маман дайындауға септігін тигізеді.

Онымен қоса, студенттердің білім потен-

циалын арттыруға Студенттердің Ғылыми Қоғамы да әсер етеді. Оның мақсаты – студенттерді бірінші курстан ғылыми-зерттеушілік жұмыстарға тарту, эксперимента-торлық, ғалымдық таланттарын ашу. Студенттерде зерттеуші және ғылыми тәжірибелік қабілет клиникалық фармакология және дәлелді медицина кафедрасындағы студенттік ғылыми үйірмеде қалыптасады. Бұл үйірме болашақ талантты медициналық мамандарды анықтауға көмектесетін ҚММУ-нің студенттердің ғылыми қоғамының құрамына кіреді.

Студенттердің ғылыми үйірме жұмысына кез-келген студент қатыса алады. Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы студенттердің әдістерді, әдістемелерді, ғылыми жобаларды жоспарлауды үйрену жұмыстарына көп көңіл бөледі. Осы мақсатпен кафедра қызметкерлері ғылыми жобаға қызықан студенттермен жеке жұмыс жүргізеді. Оқытушы, студенттердің ғылыммен қызығушылығының бірігуі ғылыми үйірме жұмысының ерекшелігі болып табылады. Студенттердің клиникалық фармакология және ұтымды фармакотерапия қағидаларын теориялық және практикалық игеруі, ғылыми-зерттеу тәжірибені үйренуі ғылыми үйірменің негізгі бағыты болып табылады.

Ғылыми-зерттеу шеберлігінің қалыптасуы зерттейтін жұмысты қарастыру, мәліметтер жинақтау, алынған мағлұматтарды тіркеу мен өңдеуді қамтиды. Студенттер тек жеке ғана емес, шағын ғылыми-зерттеу топтарында да жұмыс жүргізе алады. Ғылыми-зерттеу жүргізу барысында студенттер ғылыми зерттеуді құрастыру әдістерімен, ғылыми зерттеу жұмыс тақырыбын жоспарлау ережелерімен, сол тақырыпқа байланысты әдебиет көздерін іздестіру ерекшеліктерімен, эксперименталдық және клиникалық материалды жинақтау әдістерімен, статистикалық өңдеу қағидаларымен, алынған ақпараттарға анализ жасаумен танысады. Біздің және ТМД-дағы басқа университеттерде өтетін студенттердің ғылыми-зерттеу конференциясында әр жыл сайын жарық көретін жұмыстарға өздігінен тезис, мақала жазып шығару, сонымен қатар конференцияда презентациялар және баяндама жасау ғылыми-зерттеу жұмысының қорытынды кезеңі болып табылады. Студенттік ғылыми үйірме мүшелері қалалық, республикалық, халықаралық ғылыми конференцияларға, конкурстарға және олимпиадаларға белсенді қатысады. Үйірмедегі студенттер бірнеше рет жас ғалымдардың конференцияларында бірінші орын мен марапаттаулар алған. Қара-

ғанды мемлекеттік медицина университетінің көптеген түлектеріне студенттердің ғылыми үйірмесі үлкен ғылымға деген алғашқы қадамы болды.

Конференцияларда баяндама жасау тәжірибесі, маңызды сұрақтарға жауап бере білу, дискуссияға қатысу болашақ дәрігерлерге зерттеушілік қабілеттің қалыптасуы кезеңінде аса маңызды болып табылады. Сәтті және тиімді шыққан жоба, өз алдына болашақ маманның өзін жоғары бағалауға көмектеседі. Клиникалық фармакология және дәлелді медицина кафедрасының көптеген қызметкерлері ҚММУ-нің студенттердің ғылыми – зерттеу үйірмесінің құрамында болған жеткіншектері.

Үйірменің негізгі мақсаттарының бірі – сауатты, клиникалық ойлау қабілеті мықты дәрігер қалыптастыру. Үйірмеде жүріп студенттер тек мамандандырылған тәжірибе алып қана қоймай, дәрігерлік этика мен деонтология туралы да білім алады. Кафедрадағы профессорлық-оқытушылық құрамда, әсіресе үйірме басшысында, үйірме студенттерінің болшағына деген жауапкершілік сезімі туады. Еліміздің кезкелген жерлерінде және одан да тыс жерлерде студенттер кафедрамен ылғи қарым-қатынас байланыста болады, консультация мен кеңесіне жүгінеді, науқастарды емдеуге жібереді.

Осылайша, студенттерде ғылыми-зерттеу тәжірибесінің қалыптасуы медициналық университетте білім алу барысында ғылыми әлеуеттілігінің белсенді болуына, зерттеу бағытына деген қызығушылығын арттыруға, сонымен қатар жоғарғы оқу орнындағы мамандар мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Арзуманян Н. Г. Уровень развитости абстрактного мышления у студентов медиков / Н. Г. Арзуманян, Т. В. Добровольская, Л. В. Кочережко //Современные проблемы науки и образования. – 2016. – №3 – С. 68-72.

2 Башмаков А. И. Технологии и средства развития творческих способностей специалистов /А. И. Башмаков, А. И. Владимиров, В. А. Грачев. – М.: ЭДҚД, 2002. – 156 с.

3 Беляева Е. С. Творческо-педагогический аспект в профессиональной подготовке студентов-медиков: Автореф. дис. ... канд. мед. наук. – М., 2006. – 204 с.

4 Блюдников С. А. Подготовка научных кадров медицины: деструкция нравственного потенциала (по результатам медико-социологического анализа) //Биоэтика. – 2011.

– №1 (7). – С. 47-49.

5 Блюдников С. А. Воспроизводство научных кадров медицины в условиях высшей школы (по результатам медико-социологического анализа) /С. А. Блюдников, Д. А. Михальченко //Социология медицины. – 2011. – №2. – С. 56-58.

6 Блюдников С. А. Научный потенциал в области медицины: структура и тенденции /А. В. Карпович, С. А. Блюдников //Международ. журн. эксперим. образования. – 2011. – №3 – С. 69-73.

7 Блюдников С. А. Маркеры деформации системы воспроизводства научных кадров в условиях высшей школы /А. Д. Доница, С. А. Блюдников //Международ. журн. фундаментальных и прикладных исследований. – 2011. – №5. – С. 80-81.

8 Блюдников С. А. Приоритеты научных исследований на модели медицинских специальностей //Международ. журн. эксперим. образования. – 2011. – №10. – С. 24-26.

9 Блюдников С. А. Современные тенденции институционализации медицины как комплекса наук. – Волгоград: ВолгГМУ, 2010. – 30 с.

10 Бондаренко Е. В. К вопросу формирования профессионально-субъектной позиции студентов-медиков //Современные наукоемкие технологии. – 2013. – №3. – С. 86-87.

11 Бурлуцкая А. В. Формирование научного потенциала у студентов-медиков /А. В. Бурлуцкая, С. А. Шадрин, Д. В. Сутовская // Международ. журн. прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – №4. – С. 71-73.

12 Зеличенко В. М. Информационно-образовательная среда вуза по физике: от задач к формированию заданий на уровне проекта /В. М. Зеличенко, В. В. Ларионов, Е. В. Мансуров //Вестник ТГПУ. – 2009. – №10. – С. 106-110.

13 Кирьякова А. В. «Проект-технология» в компетентностно-ориентированном образовании: Учеб.-метод. пособие /А. В. Кирьякова, Н. А. Каргапольцева, Т. А. Ольховая. – Оренбург: ОГУ; 2011. – 114 с.

14 Проскурякова Л. А. Развитие научного потенциала студентов в аспекте формирования будущего специалиста //Молодой ученый. – 2009. – №12. – С. 336-338.

15 Тарарышкина М. А. Формирование профессионально-личностной культуры студентов в образовательном процессе высшей медицинской школы: Автореф. дис. ...канд. мед. наук. – М., 2007 – 180 с.

## REFERENCES

- 1 Arzumanjan N. G. Uroven' razvitosti abstraktnogo myshlenija u studentov medikov /N. G. Arzumanjan, T. V. Dobrovolskaja, L. V. Kocherezhko //Sovremennye problemy nauki i obrazovanija. – 2016. – №3 – S. 68-72.
- 2 Bashmakov A. I. Tehnologii i sredstva razvitija tvorcheskih sposobnostej specialistov /A. I. Bashmakov, A. I. Vladimirov, V. A. Grachev. – M.: JeDKD, 2002. – 156 s.
- 3 Beljaeva E. S. Tvorchesko-pedagogicheskiy aspekt v professional'noj podgotovke studentov-medikov: Avtoref. dis. ...kand. med. nauk. – M., 2006. – 204 s.
- 4 Bljudnikov S. A. Podgotovka nauchnyh kadrov mediciny: destrukcija npravstvennogo potenciala (po rezul'tatam mediko-sociologicheskogo analiza) //Biojetika. – 2011. – №1 (7). – S. 47-49.
- 5 Bljudnikov S. A. Vosproizvodstvo nauchnyh kadrov mediciny v uslovijah vysshej shkoly (po rezul'tatam mediko-sociologicheskogo analiza) /S. A. Bljudnikov, D. A. Mihal'chenko // Sociologija mediciny. – 2011. – №2. – S. 56-58.
- 6 Bljudnikov S. A. Nauchnyj potencial v oblasti mediciny: struktura i tendencii /A. V. Karpovich, S. A. Bljudnikov //Mezhdunar. zhurn. jeksperim.o obrazovanija. – 2011. – №3 – S. 69-73.
- 7 Bljudnikov S. A. Markery deformacii sistemy vosproizvodstva nauchnyh kadrov v uslovijah vysshej shkoly /A. D. Donika, S. A. Bljudnikov // Mezhdunar. zhurn. fundamental'nyh i prikladnyh issledovanij. – 2011. – №5. – S. 80-81.
- 8 Bljudnikov S. A. Prioritety nauchnyh issledovanij na modeli medicinskih special'nostej // Mezhdunar. zhurn. jeksperim. obrazovanija. – 2011. – №10. – S. 24-26.
- 9 Bljudnikov S. A. Sovremennye tendencii institucionalizacii mediciny kak kompleksa nauk. – Volgograd: VolgGMU, 2010. – 30 s.
- 10 Bondarenko E. V. K voprosu formirovanija professional'no-sub#ektnoj pozicii studentov-medikov //Sovremennye naukoemkie tehnologii. – 2013. – №3. – S. 86-87.
- 11 Burluckaja A. V. Formirovanie nauchnogo potenciala u studentov-medikov /A. V. Burluckaja, S. A. Shadrin, D. V. Sutovskaja // Mezhdunar. zhurn. prikladnyh i fundamental'nyh issledovanij. – 2016. – №4. – S. 71-73.
- 12 Zelichenko V. M. Informacionno-obrazovatel'naja sreda vuza po fizike: ot zadach k formirovaniju zadaniy na urovne proekta /V. M. Zelichenko, V. V. Larionov, E. V. Mansurov // Vestnik TGPU. – 2009. – №10. – S. 106-110.
- 13 Kir'jakova A. V. «Proekt-tehnologija» v kompetentnostno-orientirovannom obrazovanii: Ucheb.-metod. posobie /A. V. Kir'jakova, N. A. Kargapol'ceva, T. A. Ol'hovaja. – Orenburg: OGU; 2011. – 114 s.
- 14 Proskurjakova L. A. Razvitie nauchnogo potenciala studentov v aspekte formirovanija budushhego specialista //Molodoj uchenyj. – 2009. – №12. – S. 336-338.
- 15 Tararyshkina M. A. Formirovanie professional'no-lichnostnoj kul'tury studentov v obrazovatel'nom processe vysshej medicinskoj shkoly: Avtoref. dis. ...kand. med. nauk. – M., 2007 – 180 s.

Поступила 10.01.2018

*A. Kh. Abushakhmanova, Sh. S. Kaliyeva, A. N. Kuatov, T. K. Sagadatova, Zh. S. Zhunusova*  
*DEVELOPMENT OF SCIENTIFIC POTENTIAL OF STUDENTS MEDICIANS BASED ON THE*  
*EDUCATIONAL-RESEARCH PROCESS*

*Department of clinical pharmacology and evidence medicine of Karaganda state medical university*  
*(Karaganda, Kazakhstan)*

At the Department of Clinical Pharmacology and Evidence Medicine, the KSMU has introduced an innovative program (RBL) for including students in professional research activities. In order to develop the scientific potential of students, we use the method of scientific projects. The essence of this method is to create an educational situation that simulates the independent research work of students within the framework of a given topic. The teacher monitors the performance of the work and, if necessary, adjusts the work of the students. The main goal of the project method is the formation of the experience of independent research.

*Key words:* training- research process, scientific potential, students-medicans

*A. X. Абушахманова, Ш. С. Калиева, А. Н. Куатов, Т. К. Сагадатова, Ж. С. Жунусова*  
*РАЗВИТИЕ НАУЧНОГО ПОТЕНЦИАЛА СТУДЕНТОВ-МЕДИКОВ НА ОСНОВЕ УЧЕБНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО*  
*ПРОЦЕССА*

*Кафедра клинической фармакологии и доказательной медицины Карагандинского государственного*  
*медицинского университета (Караганда, Казахстан)*

На кафедре клинической фармакологии и доказательной медицины Карагандинского государственного медицинского университета внедрена инновационная программа (RBL) включения студентов в профессиональную исследовательскую деятельность. С целью развития научного потенциала студентов используется

## Медицинское и фармацевтическое образование

---

метод научных проектов. Суть данного метода заключается в создании учебной ситуации, моделирующей самостоятельную научно-исследовательскую работу студентов в рамках заданной темы. Преподаватель осуществляет мониторинг выполнения работы и в случае необходимости вносит коррективы в работу студентов. Основной целью метода является формирование опыта самостоятельного исследования.

*Ключевые слова:* учебно-исследовательский процесс, научный потенциал, студенты-медики